



KASE АПТАЛЫҒЫ

30 маусым – 04 шілде, 2025

KASE ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

- KASE ресми тізіміне Қазақстан Республикасының Қаржы министрілігінің [XS3093655341](#) (KZ_24_3207) және [XS3093658014](#) (KZ_25_3707), "Қазақстанның Даму Банкі" АҚ-тың [XS3108524227](#) (BRKZe20), халықаралық облигациялары, Jet Group Ltd. жеке компаниясының [KZ2P00014418](#) (JETGpp1), Еуразиялық даму банкінің [KZ2D00014701](#) (EABRb54) және "ЭКО - Қаржы МҚҰ" ЖШС-ның [KZ2P00014210](#) (MFECb3) облигациялары қосылды.
- KASE-де "R-Finance" микроқаржы ұйымы" ЖШС-ның [KZ2P00014004](#) (MFRFb19), "Береке" МҚҰ" АҚ-тың [KZ2C00014223](#) (MFBRb2) және [KZ2C00014231](#) (MFBRb3) облигацияларымен сауда-саттық ашылды.
- "аФинанс Микроқаржы ұйымы" ЖШС-ның [KZ2P00014244](#) (MFAFb9) және "ФинТехЛаб" Микроқаржы ұйымы" ЖШС-ның [KZ2P00013840](#) (MFDFb3) облигациялары "таза" бағасымен" сауда-саттық режиміне көшірілді.

ОРНАЛАСТЫРУ НӘТИЖЕЛЕРІ

- Қазақстанның Қаржы министрілігі 388,5 млн MEUKAM [KZK100000423](#) (MKM012_0161), 67,2 млн MEUKAM [KZKD00000717](#) (MUM180_0009) және 35,2 млн MEUKAM [KZKD00000550](#) (MUM240_0001) орналастырды.
- Қазақстанның Қаржы министрілігі жылдық 5,00% мөлшерлемемен XS3093655341, US486661BN03 (KZ_24_3207) жетіжылдық халықаралық облигацияларын орналастырып, KASE-де жазылым арқылы \$171,5 млн [тартты](#).
- Қазақстанның Қаржы министрілігі жылдық 5,50% мөлшерлемемен XS3093658014, US486661BP50 (KZ_25_3707) 12-жылдық халықаралық облигацияларын орналастырып, KASE-де жазылым арқылы \$35,2 млн [тартты](#).
- Төрт облыстың әкімдіктері 8,7 млрд теңге [тартты](#).
- "Birinshi Lombard" ЖШС KZ2P00013139 (MFBLb5) облигацияларын орналастырып, жазылу арқылы 302,3 млн теңге [тартты](#).
- "Қазақстанның орнықтылық қоры" АҚ KZ2C00012136 (KFUSb86) облигацияларын орналастырып, 2,0 млрд теңге [тартты](#).
- "Қазақстанның Даму Банкі" АҚ KASE-де XS3032932645 (BRKZe18) халықаралық облигацияларын 5,56% мөлшеріндегі өтеуге дейінгі кірістілікпен орналастырып, жазылу арқылы \$51,1 млн [тартты](#).
- "Қазақстанның Даму Банкі" АҚ KASE-де жазылу арқылы XS3108524227 (BRKZe20) үшжылдық халықаралық облигацияларын 17,30% мөлшеріндегі өтеуге дейінгі кірістілікпен орналастырып, жазылу арқылы 17,4 млрд теңге [тартты](#).
- "Home Credit Bank" АҚ KZ2C00014124 (HCBNb19) екіжылдық облигацияларын орналастырып, 5,0 млрд теңге [тартты](#).

ЭМИТЕНТТЕРДІҢ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ МЕН АНОНСТАР

- "Эйр Астана" АҚ 2025 жылғы 24-30 маусым аралығында меншікті бағалы қағаздарымен жасалған мәмілелер туралы ақпаратты [ұсынды](#).
- "Фридом Банк Қазақстан" АҚ банктің рейтингілерін S&P Global Ratings агенттігінің "Оң" болжаммен растағанын [хабарлады](#).
- "ҚазМұнайГаз" Ұлттық компаниясы" АҚ S&P Global Ratings агенттігінің компания рейтингін "BBB-" деңгейіне көтергені туралы [хабарлады](#).
- "ҚазТрансОйл" АҚ Oil Transportation Management – KazTransOil – Жер қойнауын пайдаланушылар үшін "Бірыңғай терезе" ақпараттық жүйесін өнеркәсіптік пайдалануға бергені туралы [хабарлады](#).
- "Қазақтелеком" АҚ KZ0009093241 жай акциялары және KZ0009094645 артықшылықты акциялары бойынша 2024 жылға дивиденд [төледі](#).
- "Қазақстанның Даму Банкі" АҚ екі еурооблигация шығарылымын халықаралық нарықтарда сәтті орналастырғаны туралы [хабарлайды](#).
- "Азия несие қоры" микроқаржы ұйымы" ЖШС Қазақстанда қаржыландыруға қолжетімділікті кеңейту үшін ХҚК-мен стратегиялық серіктестік құрғаны туралы [хабарлады](#).
- "Haluk Finance" АҚ бірқатар беделді халықаралық марапатқа ие [болды](#).
- "Арнұр Кредит" МҚҰ" ЖШС Қазақстандағы кәсіпкер әйелдер мен шағын бизнестің қаржыландыруға қол жеткізуін кеңейту үшін IFC-мен несиелік келісімге қол қойғанын [хабарлайды](#).

04.07.2025

Трендтер (%)

KASE Индексі 6 113,14 2,0 8,7

Өтімділіктің бірінші сыныбы Бағасы Δ 7к Δ 1а


АО "ForteBank"	18,21	102,8	141,5
Apple Inc.	213,43	5,8	7,8
АО "Народный Банк Казахстана"	329,96	5,6	10,8
Bank of America Corporation	49,50	5,3	11,7
Pfizer Inc.	25,41	4,7	7,8
АО "Банк ЦентрКредит"	3 520,00	4,2	13,9
PayPal Holdings Inc.	76,00	4,0	8,6
АО "Национальная компания "КазМунайГаз"	16 931,00	2,1	15,6
АО "Кселл"	3 389,00	2,0	3,5
NVIDIA Corp.	159,39	1,5	14,5
АО Kaspi.kz	45 601,00	1,3	3,9
АО "Казактелеком"	40 238,00	1,1	14,5
АО "КазТрансОйл"	812,00	0,6	0,6
Microsoft Corporation	499,45	0,5	9,1
AT&T Inc.	28,48	0,4	2,4
Intel Corporation	22,61	0,4	11,4
АО "Национальная атомная компания "Казатомпром"	22 619,99	0,1	13,7
АО "KEGOC"	1 455,30	0,1	0,9
АО "KM GOLD"	68,99	- 0,4	- 1,4
Freedom Holding Corp.	146,65	- 0,9	- 8,7
АО "Эйр Астана"	728,00	- 1,0	- 2,8
Tesla, Inc.	319,50	- 3,2	- 11,0
Advanced Micro Devices, Inc.	138,20	- 3,4	18,6

Анықтама: жасып түспен индекстік акциялар белгіленген

KASE Индексінің акциялары



Жеке тұлғалар мен бейрезиденттер үлесі



Өткен аптада KASE индексі тағы бір тарихи максимум - 6 113 тармаққа жетіп, жұма күнгі саудасаттық сессиясының қорытындысы бойынша дәл осындай деңгейде тіркелді. Соңғы бір жылда индекс шамамен 17% өсті, ал үш жыл ішінде ол екі еседен астам өсті. Осы үш жылдағы жинақталған инфляцияны есепке алатын болсақ, Қазақстанның қор нарығының негізгі индексі инфляциядан 62% озып кеткені белгілі болды.


ҚазМұнайГаз акциялары бір аптада 2% өсті. Бұл өсім әлемдік мұнай бағасы барреліне 68 долларға дейін қалпына келгеннен кейін болды. Еске сала кетейік, Иран мен Израиль арасындағы бітімге қол қойылғаннан кейін мұнай бағасы 7% күрт төмендеген болатын. Сондай-ақ S&P Global Ratings "ҚазМұнайГаздың" рейтингін "BBB-" деңгейіне көтерді, болжам "Тұрақты".

Қазақтелеком 2024 жыл үшін жай акциялар бойынша дивиденд төлегенін хабарлады. Айта кетейік, 15 мамырда өткен акционерлердің жылдық жиналысында бір жай акцияға 26 664 теңге көлемінде рекордтық дивиденд төлеу туралы шешім қабылданған болатын. Телекоммуникация компаниясының акцияларының бағасы бір аптада 1% өсті.


Эйр Астана 24-30 маусым аралығында кері сатып алу бағдарламасына сәйкес жалпы сомасы 261 мың долларға 179 мың акция мен 1,3 мың жаһандық депозитарлық қолхат сатып алғанын хабарлады. Акцияларды сатып алудың орташа алынған бағасы 735 теңгеден 738 теңгеге дейін, ал жаһандық депозитарлық қолхаттардың орташа бағасы 6 долларды құрады. Компания акциялары бір аптада 1% жоғалтып, бір акцияның бағасы 728 теңге болды.

Ақша нарығында TONIA біркүндік репосын тарту мөлшерлемесі көтеріліп, аптаның қорындысы бойынша жылдық 15,52% болды. АҚШ долларындағы біркүндік валюталық своп операцияларының кірістілігі бір аптада жылдық 11,02%-ға дейін артты.


Инфляция және пайыздық мөлшерлеме



ҚР ҰБ ноталарын орналастырудың негізгі параметрлері



Тәуекелсіз қысық кірістілігі



Маусым айының қорытындысы бойынша теңге бағамы 1,7% әлсіреп, бір АҚШ доллары үшін 519,73 теңгеге жетті. Қазақстан қор биржасындағы сауда-саттықтың орташа күндік көлемі бір айда 238 млн АҚШ долларынан 235 млн АҚШ долларына дейін төмендеді. Сауда-саттықтың жалпы көлемі 4,7 млрд АҚШ долларын құрады.

Маусымда Ұлттық қордан валюта сату 800 миллион АҚШ долларын құрады, бұл республикалық бюджетке трансферт бөлуге мүмкіндік берді. Ұлттық қордан сату үлесі сауда-саттықтың жалпы көлемінің 17%-ын немесе күніне шамамен 40 млн АҚШ долларын құрады.

Үкіметтің республикалық бюджетке трансферт бөлуге берілген алдын ала өтінімдері бойынша шілдеде Ұлттық Банк Ұлттық қордан 600-700 млн АҚШ доллары мөлшерінде валюта сатады деп күтілуде.

Айналау операциялары аясында маусым айында 213 млрд теңге зарарсыздандырылды. Шілде айында осы мақсатта 290 млрд теңгеге баламасында валюта сатылады деп күтілуде.


Ұлттық Банк маусымда валюталық интервенция жүргізбеді.

Квaziмемлекеттік сектор субъектілерінің валюталық түсімнің бір бөлігін міндетті түрде сату бойынша норма шеңберінде өткен айдың қорытындысы бойынша валюталық түсімді сату көлемі 322 млн АҚШ долларын құрады.

Ұлттық Банк БЖЗҚ зейнетақы активтерінің валюталық үлесін ұзақмерзімді кезеңде кемінде 40% деңгейінде ұстап тұру мақсатында маусымда биржалық сауда-саттықта шетел валютасын сатып алды, олардың жалпы сомасы 188 млн АҚШ долларын немесе сауда-саттықтың жалпы көлемінің шамамен 4%-ын құрады.


Шетел валюталарының бағамы

динамикасы
Δ %, база (01.01.24)



Brent мұнай құны

USD/баррель



Халықаралық индекстер

Атауы	Мәні	Тренд %			Фьючерс
		7к	1а	1ж	7к
 S&P 500	6 279,35	1,7	5,2	13,4	1,6
 Dow Jones	44 828,53	2,3	5,7	14,0	2,2
 PTC	1 119,52	-0,6	-1,7	-0,1	
 MMBБ	2 801,65	-0,2	-1,2	-10,6	
 Hang Seng	23 916,06	-1,5	1,1	32,7	-1,4
 SS CSI 300	3 982,20	1,5	2,9	15,6	1,3
 Euro Stoxx 50	5 288,81	-0,7	-2,2	6,0	-0,6
 FTSEuroFirst	5 884,50	-0,5	-1,4	6,0	-0,5
 FTSE 100	8 822,91	0,3	0,2	7,1	0,3
 KASE	6 113,14	2,0	8,7	17,8	

Шикізат нарығы

04.07.2025

Атауы	Бағасы	Тренд %		
		7к	1а	1ж
Мұнай (Brent)	68,30	0,8	5,3	-21,9
Мұнай (WTI)	67,00	2,3	6,6	-20,1
Табиғи газ	3,41	-8,8	-8,3	41,0
Мыс	509,70	0,6	4,3	12,2
Темір	768,00	6,0	2,5	-13,2
Алтын	3 337,15	1,9	-1,1	41,5
Күміс	36,78	2,1	6,2	20,4
Астық	547,75	4,4	0,8	-1,2

Экономикалық уақиғалар күнтізбесі

	Валюта	Болжам	Алдыңғы
09.07 <u>Шикі мұнай қорлары</u>	USD		3,845M
09.07 <u>FOMCхаттамаларын жариялау</u>	USD		
10.07 <u>Германияның тұтыну бағаларының индексі (ТБИ) (а/а) (маусым)</u>	EUR	0,0%	0,0%
10.07 <u>Жұмыссыздық бойынша жәрдемақы алуға берілген бастапқы өтінімдер саны</u>	USD	235K	233K
11.07 <u>ЖІӨ (м/м) (мамыр)</u>	GBP		-0,3%
11.07 <u>Тұтыну бағаларының индексі (ТБИ) (ж/ж) (маусым)</u>	USD		9,9%

Анықтама: күнтізбе KASE пікірі бойынша ағымдағы аптадағы ең маңызды экономикалық уақиғаларды қамтиды

В – миллиард
М – миллион
К – мың

Қазақстанның макроэкономикалық статистикасы

	Мәні	Күні	Алдыңғы ай
Жылдық инфляция	11,8%	01.07.25	11,3%
ҚРҰБ жалпықлттық резервтер, млрд USD	52,3	01.06.25	52,4
Ақша базасы, млрд KZT	13 973,7	01.06.25	13 534,8
Ақша масса, млрд KZT	45 942,6	01.06.25	45 724,1

Қазақстанның несие рейтингі

	Рейтинг	Күні	Алдыңғы
S&P Global	BBB-/A-3 тұрақты	21.02.25	BBB-/A-3 тұрақты
Moody's	Вaa1/тұрақты	09.09.24	Вaa2/позитивті
FitchRatings	BBB/тұрақты	15.11.24	BBB/тұрақты

БАЙЛАНЫС АҚПАРАТЫ

Мекенжайы: Қазақстан Республикасы,
А15G7M6, Алматы қ., Байзақов көшесі, 280-үй,
Almaty Towers көпфункционалды кешенінің
солтүстік мұнарасы, 8-қабат

Тел.: +7 (727) 237 53 23
+7 (727) 237 53 28

KASE




FAQ

in



f



Осы есетегі ақпараттар мен пікірлерді "Қазақстан қор биржасы" АҚ (әрі қарай - KASE) мамандары әзірледі. KASE осы есебінде берілген ақпараттардың толық әрі дәл, дұрыс болуына кепілдік бермейді. KASE де, қызметкерлердің біреуі де осы есептің немесе онда ұсынылған мәліметтер мен талдауларың пайдалану нәтижесінде келген зиянға жауап бермейді.

KASE осы есепті үнемі жаңартуға жауап бермейді, сондай-ақ осы есепті дайындаған сәттен бастап, барлық өзгерістер туралы хабарлауға жауап бермейді:

1. Қаржы құралдарына түсетін инвестициядан табыс көбінесе нарықтық және нарықтық емес факторлардан туындайды. Көбінесе, инвестордың нақты кірісіне пайыздық мөлшерлемелердің ауытқулары, салық төлеу нормалары, валюталық бағам қозғалысы, бағалы қағаздардың баға белгілеулерін, нарықтық индекстердің, компанияның өндірістік және қаржылық көрсеткіштерін өзгерту, сондай-ақ басқа факторлар.
2. Өткен қорытындылар болашақтағы көрсеткіштердің қандай болатынын үнемі көрсете бермейді. Сонымен қатар, болашақтағы нәтижелер бағасы орындалмайтын ұйғарымдарға негізделген. Кез келген инвестиция мен кірістің құны төмендеуі немесе жоғарылауы мүмкін, оның нәтижесінде инвесторлар барлық инвестицияланған соманы кері ала алмайды. Инвестициялар үшін жалпыға танымал нарық боламған жағдайда инвесторлар түрлі қиындықтарға кездеседі, мәселен олардың сатылуы немесе олардың тәуекелімен байланысты оның құны туралы сенімді ақпарат алудан бастап.
3. Есеп жеке қаржы ерекшеліктер мен оны алатын тұлғалардың мақсатын ескермей жасалған.

KASE инвесторларға қандай да бір инвестициялар мен стратегиялардың мақсаттылығын бағалауды ұсынады және қаржы кеңесшілерінің қызметін пайдалануға шақырады.

Есеп берудің барлық құқықтары KASE тиесілі. Осы талдау материалын тарату және/немесе толық өндіру KASE жазбаша келісімінсіз жүзеге асырылады.